



010000, Нұр-Сұлтан қ., Бейбітшілік к-сі, 11 үй
тел.: 55-66-31, 55-66-36, факс: 55-72-94

010000, г. Нур-Султан, ул. Бейбитшилик, 11
тел.: 55-66-31, 55-66-36 факс: 55-72-94

№
11.02.2021 № 1 ге

**Тұрақты комиссияның
2021 жылғы 11 ақпандағы
қаулысы**

Заңдылық, құқық тәртібі және жұртшылықпен жұмыс мәселелері жөніндегі тұрақты комиссияның 2020 жылғы 30 қаңтардағы № 1 және 2020 жылғы 12 наурыздағы «Нұр-Сұлтан қаласында 2023 жылға дейін аула клубтарын дамыту тұжырымдамасының жобасы туралы» № 2 қаулыларының орындалу барысы туралы

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының заңдылық, құқық тәртібі және жұртшылықпен жұмыс мәселелері жөніндегі тұрақты комиссияның 2020 жылғы 30 қаңтардағы № 1 және 2020 жылғы 12 наурыздағы «Нұр-Сұлтан қаласында 2023 жылға дейін аула клубтарын дамыту тұжырымдамасының жобасы туралы» № 2 қаулыларының орындалу барысы туралы ақпаратты тыңдап әрі талқылағаннан кейін, Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының заңдылық, құқық тәртібі және жұртшылықпен жұмыс мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы (бұдан әрі – Тұрақты комиссия) жергілікті атқарушы органмен Тұрақты комиссияның қаулыларының ұсынымдарын іске асыру бойынша белгілі бір жұмыстар өткізілгенін атап өтті.

Тұжырымдаманы іске асыру мақсатында 2023 жылға дейін Нұр-Сұлтан қаласында «Нұр-Сұлтан қаласының Жастар саясаты мәселелері басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Жастар саясаты мәселелері басқармасы) кейбір аула клубтарын жаңартып, біртіндеп жастардың бос уақытты өткізудің басқа моделіне көшу, сонымен қатар кәсіби, спорттық секциялар құру үшін қолайлы жағдайлар қалыптастыру жүргізілді.

Нұр-Сұлтан қаласында балалар, жасөспірімдер мен жастардың бос уақытын қамтамасыз ететін 23 аула клубы, 28 спорт секциясы, 21 шығармашылық үйірмелер жұмыс істейді.

2020 жылы аула клубтарын дамыту тұжырымдамасы аясында қаланың шалғай аудандарында 4 жаңа клуб ашылды. Аула клубтарының қызметі

Нұр-Сұлтан қаласының балаларының, жасөспірімдері мен жастарының бос уақытын тиімді пайдалануға, оларды бұқаралық спортқа, шығармашылық үйірмелерге тартуға, олардың жеке дағдыларын дамытуға бағытталған. Халықтың әлеуметтік осал топтарының жастары үшін үйірмелер мен секцияларға бару ақысыз.

Аула клубтарын танымал ету, балаларды қызықтыру үшін әлеуметтік желілерді (Instagram, Facebook, Telegram, YouTube) және спорттың үздік өкілдері арқылы жүзеге асырылады. Брендті тану үшін аула клубтарына арналған жаңа логотип жасалды. Коронавирустық пандемияға байланысты жағдайға байланысты балаларға арналған онлайн сабақтарын жазу жұмыстары жүргізілуде.

«Нұр-Сұлтан қаласының Жастар саясаты мәселелері басқармасы» мемлекеттік мекемесі балаларды қосымша біліммен қамту бойынша жұмыстарды да жүргізуде.

Қазіргі уақытта қалада 11 мемлекеттік ұйым жұмыс істейді: 2 Оқушылар сарайы, 3 музыкалық мектеп, 2 өнер мектебі, 1 балалар өнер мектебі, 1 техникалық шығармашылық орталығы, 1 «Шығыс» балалар мен жасөспірімдер орталығы, 1 жастар туризмі және өлкетану орталығы.

Жақын жерге жаяу жүріп бару қағидатын жүзеге асыру және қосымша білім беруді қамтуды 8 білім беру ұйымдарында №20, 24, 68, 69, 80, 86, 90 және қиын өмірлік жағдайдағы балаларды қолдау орталығында жүзеге асырады, ірі қоғамдық орталықтар (Community орталықтар) ашылған, тұрғын үйлердің бірінші қабаттарындағы 300-ден астам баланы қамтыған балалар өнер мектебінің және әл-Фараби атындағы Оқушылар сарайының филиалдары, «Арқа ALAN», «Art Tumar» жаңа орталықтары құрылған. Қосымша ұйымдардың филиалдарының саны 142-ге дейін өсті, 250 орындық Техникалық шығармашылық орталығы қала шетіндегі 2 қабатты жеке үйде орналасқан.

2020 жылы қаланың әр ауданында алғаш рет 1000-нан астам баланы қамтитын балалар мен жасөспірімдердің дене шынықтыру үйірмелері ашылды.

Сонымен бірге, Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының заңдылық, құқық тәртібі және жұртшылықпен жұмыс мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы қабылданған шараларға қарамастан, тұрақты комиссияның барлық ұсынымдары орындалмай жатқанын атап өтті.

Осылайша, аула клубтарының көпшілігі тұрғын үйлердің жертөлелері мен тұрғын үй кешендерінің бірінші қабаттарында орналасқан, бұл санитариялық-эпидемиологиялық және өрт қауіпсіздігі талаптарына қайшы келеді. Аула клубтарының барлығы жаңартылған жоқ, ескі спорттық жабдықтар қолданылады.

Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі 2023 жылға дейін Нұр-Сұлтан қаласында аула клубтарын дамыту тұжырымдамасын іске асыру үшін инвесторларды тарту мәселесін шешкен жоқ. Қалада ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған аула клубтары жоқ, сондай-ақ

ата-аналары балаларының бос уақытын өткізе алмайтын халықтың әлеуметтік тұрғыдан осал топтарындағы балаларды толық қамту мүмкін емес.

Кадрлардың жетіспеушілігі және жаттықтырушылардың жалақысы төмен болғандықтан, аула клубтарында шеберлік сабақтарын өткізуге еңбек сіңірген жаттықтырушыларды, зейнеткерлер арасынан музыканттарды тарту мәселесі зерттелмеген.

Жалақының аздығына байланысты жаттықтырушылар репетиторлықпен айналысуға және көлеңкелі нарықта жұмыс істеуге мәжбүр.

Аула клубтарының қызметінде бірлескен аула клубтарын ашу мәселесі қарастырылмаған, қалалық емханалардың жанындағы жастардың денсаулық орталықтарымен өзара байланыс жоқ.

Мектеп кеңістігін тиімді пайдалану және демалыс күндері аула клубтарының жұмыс істеуі туралы мәселе пысықталмаған.

Қаланың аула клубтарындағы материалдық-техникалық база әлсіз, қолда бар жабдықтар спортпен шұғылдануға жарамсыз, аула клубтарының әртүрлілігі мен қызмет аясын кеңейту мәселесі де қарастырылмаған.

Қаланың коммуналдық меншігінде болатын және санитариялық-эпидемиологиялық және өртке қарсы стандарттарға сәйкес келетін үй-жайлардың болуы туралы мәселе зерттелмеген.

Жоғарыда баяндалғанды ескере келе, Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының заңдылық, құқық тәртібі және жұртшылықпен жұмыс мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Заңдылық, құқық тәртібі және жұртшылықпен жұмыс мәселелері жөніндегі тұрақты комиссияның 2020 жылғы 30 қаңтардағы № 1 және 2020 жылғы 12 наурыздағы «Нұр-Сұлтан қаласында 2023 жылға дейін аула клубтарын дамыту тұжырымдамасының жобасы туралы» № 2 қаулыларының орындалу барысы туралы» ақпарат назарға алынсын.

2. Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігіне:

2023 жылға дейін Нұр-Сұлтан қаласында аула клубтарын дамыту тұжырымдамасын іске асыру үшін инвесторларды тарту бойынша жұмысты жалғастыру;

санитариялық-эпидемиологиялық және өрт қауіпсіздігі стандарттарына сәйкес келетін қаланың коммуналдық меншігінен үй-жай бөлу мәселесін қарастыру;

елорданың тұрғын алаптарында аула клубтарын ашу мәселесін шешу;

Нұр-Сұлтан қаласының «Ішкі саясат басқармасы» мемлекеттік мекемесінен «Нұр-Сұлтан қаласының Жастар саясаты мәселелері басқармасы» ММ Нұр-Сұлтан қаласындағы аула клубтарын жабдықтауға, соның ішінде Тельман тұрғын алабының тұрғындарына спорт секцияларын ашуға, Ильинка кентінде аула клубын қалпына келтіруге, қаладағы демалыс орталықтарын дамытуға ақшалай қаражатты қайта бөлу мәселесін қарастыру ұсынылсын.

3. «Нұр-Сұлтан қаласының Жастар саясаты мәселелері басқармасы» мемлекеттік мекемесіне:

аула клубтарының қызмет аясын кеңейту мәселесін пысықтау;

қала жастарының бос уақытын сапалы ұйымдастыруға қажетті жағдайлар жасау;

ұлттық спорт түрлерін аула клубтарының Тұжырымдамасына енгізу;

мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған аула клубтарын ашу мәселесін зерттеу;

жасөспірімдер арасындағы суицидтердің, ерте жүктіліктің және ерте маскүнемдіктің санын азайту бойынша қалалық емханалардың жанындағы жастардың денсаулық сақтау орталықтарымен өзара әрекеттесуді қамтамасыз ету;

жас буынның ересектерге деген құрметті қарым-қатынасын қалыптастыру үшін жасөспірімдер-ардагерлердің бірлескен аула клубын ашу мәселесін пысықтау;

шеберлік сыныптарын өткізу үшін балалардың бос уақытына зейнеткерлер арасынан еңбек сіңірген жаттықтырушыларды, еңбек сіңірген өнер қайраткерлерін, дәрігерлер мен заңгерлерді тарту мәселесін зерделеу;

балалардың бос уақытын сапалы ұйымдастыру және жасөспірімдердің сұранысын қанағаттандыру үшін бірлескен инвестициялық жоба құру үшін бизнес құрылымдарды тарту;

аула клубтарын ашу кезінде аула клубтарының біркелкі бөлінуін және қаладағы білімдерін жетілдіргісі келетін барлық жасөспірімдерге жету үшін жақын жерге жаяу жүріп бару қағидатын ескеру;

ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін аула клубтарын ашуға және ата-аналары балаларының бос уақытын қамтамасыз ете алмайтын халықтың әлеуметтік тұрғыдан осал топтарының балаларын қамтуға барынша назар аудару;

«Кирпичный» тұрғын алабында аула клубының ашылуын тездетуге және «Takhtay team» аула клубына жапсарлас құрылысты кеңеюін салу;

жүргізуге, жасөспірімдердің аула клубтарындағы қажеттіліктерін анықтау бойынша кешенді жұмыстар жүргізу, жаттықтырушылардың жалақысын көтеру және жеке білім беру орталықтары деңгейінде материалдық базаны қамтамасыз ету, аула клубтарын дамыту тұжырымдамасына өзгерістер енгізу;

мектеп кеңістігін тиімді пайдалану үшін демалыс күндері балалардың демалуына арналған спорт залдарын қолдана отырып, мектеп үй-жайларын жалға беру механизмін кеңірек қолдану;

жасөспірімдердің аула клубтарына деген қажеттіліктерін анықтау мақсатында аула клубтарын дамыту тұжырымдамасына өзгерістер енгізу үшін мүдделі мемлекеттік органдардың қатысуымен Жұмыс тобын құру ұсынылсын.

4. «Нұр-Сұлтан қаласының Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы» ММ:

қаланың аула клубтарының жаттықтырушылары мен мұғалімдерінің жалақысын көтеруге және жеке білім беру орталықтары деңгейінде материалдық базаны қамтамасыз етуге қаражат бөлуді қарастыру;

Жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқарманың балансында тұрған 14 үй-жайларды күрделі жөндеуге, құрал-жабдықтар мен спорттық жабдықтарды сатып алуға қаражат табу;

жаттықтырушылар мен оқытушылар құрамы мен аула клубтарының тәрбиеленушілері үшін құрал-жабдықтар мен үлестірме материалдар сатып алуға қаражат бөлу ұсынылсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының заңдылық, құқық тәртібі және жұртшылықпен жұмыс мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

**Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының
заңдылық, құқық тәртібі және
жұртшылықпен жұмыс мәселелері
жөніндегі тұрақты комиссиясының
төрағасы**



Т. Нәрікбаев